

2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы

Жобаның атауы: 10-11 сыныптардың оқу-әдістемелік кешендерінің жаңартылған мазмұнын құру негізінде ағылшын тілін оқытудағы жаңашыл когнитивті педагогикалық дағдылардың әдіснамалық негіздерін зерттеу

ЖТН: AP14871686

Жобаның жалпы қаржысы: 58 160 000 (елу сегіз миллион бір жүз алпыс мың)

Жоба жетекшісі: Мейрбеков Акылбек Кайратбекович

Тақырыптың мақсаты: Ағылшын тілін меңгеру деңгейін өлшенетін арттыруға және білім алушылардың функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін дамытуға бағытталған 10-11 сыныптардың оқу-әдістемелік кешендерінің жаңартылған мазмұнын жасауға әкелетін Қазақстанның тілдік білім беру жүйесіне интеграциялауға бағытталған түбегейлі жаңашыл педагогикалық когнитивтік білімді зерттеу

Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер:

Жоғары әдістемелік ақпараттық мазмұнымен сипатталатын, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қамтитын өзіндік білім алу дағдыларын, жобалық белсенділікті және жүйелілікті дамытуға бағытталған ағылшын тілін оқытудың комбинативті әдістемесін құру:

Терендетілген педагогикалық талдау жүргізіліп, нәтижесінде прогрессивті елдердегі орта білім беру стандарттарында іргелі негіз болып табылатын педагогикалық әдістерді қосу арқылы тілдік білім беруді өзектілендіруге негізделген ағылшын тілін оқытудың инновациялық әдістемелік негіздері мен тәсілдері жасалды. Жоғары әдістемелік ақпараттық мазмұнымен сипатталатын, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қамтитын өзіндік білім алу дағдыларын, жобалық белсенділікті және жүйелілікті дамытуға бағытталған ағылшын тілін оқытудың комбинативті әдістемесін құру жұмыстары бойынша 10-11 сынып оқушыларының меңгеріп шығу деңгейі жоғары B2 екендігі ескеріле отырып, шетелдік білім беру мекемелерінде тиімді қолданыста болып жатқан ағылшын тілін оқытудағы ілгері педагогикалық әдістерді ұсынған еңбектер зерттелді. Солардың ішінде соңғы уақыттарда ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерімен таныстыратын ауқымды нұсқаулықтардың бірі болып табылатын Waysgoose пресс баспасында 2019 жылы жарық көрген Shane Dixon тарапынан әзірлеген 100 TESOL Activities for Teachers (Practical ESL/EFL Activities for the Communicative Classroom) нұсқаулығы егжей-тегжейлі қарастырылды. Нұсқаулық болашақ және қазіргі ағылшын тілі мұғалімдеріне осы салада танылған және қолданылатын ең кең таралған TESOL әдістері мен стратегияларын қолдануды үйретуді көздейді. Оқу дағдысын дамытуда тиімді қолданылатын әдістер ретінде келесідей әдістер ұсынылады: Predict from a Title, Story Guesswork, Jigsaw, Find a Word, Find a Sentence (Boardwork Scanning), Reading with Half the Words (Learn to Guess from Context), Reader's Outline, Character Map, Reading Log, Scrambled Sentences, Picture Books, Focus on Organization, Skits on Reading, Focus on a Literary Technique, Mapping, Summarizing/Paraphrase, Picture the Story, Rank Order Exercise, Alphabet Reading. Оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) практикалық тұрғыдан қолдануға арналған және көрсетілген әдістер, қарым-қатынас жасау, өзара әрекеттесу және сыныпта тілді қолдану үшін жалпы қажеттілікті бағындырады. Осылайша, бұл нұсқаулық коммуникативті мұғалімге арналған деп айтуға болады. Қазіргі ағылшын тілі сыныптарындағы қолданылатын әдістер мен тәсілдер бұрынғыдан айтарлықтай ерекшеленеді. Нұсқаулықтың бірінші бөлімінде ең тиімді «үздік ондық» әдістері таныстырылады және олар оқу, жазу, тындау және сөйлеудің дағдыларына негізделе отырып санатталған бөлімшелерде берілген. «Үздік ондыққа» кіретін тәсілдер: Information gap, Classic Jigsaw, Cloze Passage Exercise, Journals, Dictation, Modified TPR, How to Make a Group (Think-Pair-Square-Share and «Assignments»), Talking Tokens/Throw the Ball, Read Aloud or Reading Circles және Turn ANYTHING into an English Activity. Бұл әдістер студенттердің көптеген мүмкіндіктерін қамтиды, яғни

бастапқы деңгейден озық деңгейдегілерге дейін, балалардан ересектерге дейін барлық оқушыларға бейімдеуге болатын әдістер болып табылады. Зерттеу нәтижесінде 10-11 сынып оқушылардың әр түрлі деңгейдегі құзыреттіліктерін, танымдық дағдыларын және сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін (тыңдау, оқу, сөйлеу, жазу) дамыту сияқты ұсыныстар мен оқу үдерісіндегі жаңашылдық элементтері ескерілді. Мақсатты аудитория мен олардың қажеттіліктерін анықтау мақсатында оқушылардың қажеттіліктеріне талдау жүргізілді. Ағылшын тілін үйрену арқылы олар неге қол жеткізгісі келеді? Олар үшін қандай дағдылар мен құндылықтар маңызды, бұл оқу-әдістемелік кешендеріндегі әдістеменің нақты мақсаттарын тұжырымдауға көмектеседі. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың интеграциясы: аралас әдістемені құру кезінде 10-11 сынып оқушыларына оқытылатын мәдениеттердің мәдени контекстінің элементтері, дәстүрлері мен құндылықтары енгізіледі. Белсенді оқу және жобалық іс-әрекет: 10-11 сынып оқушыларын оқу үдерісіне белсенді қатысуға ынталандыру, тілді оқыту әдістерін құру кезінде өз бетінше зерттеуді, талдауды және проблемаларды шешуді қажет ететін тапсырмалар мен жобалар енгізілді. Бұл өзін-өзі тәрбиелеу және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытады. Тілді оқыту әдістерінің контекстуализациясы: практикалық қолдануы бар оқушылардың ұлттық мүдделеріне қатысты нақты мәселелерді немесе жобаларды шешу контекстері жасалды. Өзін-өзі тәрбиелеу мен жобалық белсенділікті ынталандыру үшін онлайн ресурстар, веб-қосымшалар және әлеуметтік желілер пайдаланылды. Виртуалды оқыту кеңістігінің әдістемесі қолданылады, мұнда оқушылардың өзара байланысып, ақпарат алмаса алуы мақсат етіледі. Оқу материалының әдістемелік ақпараттық мазмұнын әзірлеу кезінде оқу үдерісін қызықты ету үшін әртүрлі дереккөздер, соның ішінде аудио және бейне материалдар пайдаланылды.

Ағылшын тілін оқытудың жаңа әдістеріне, министрліктер мен ведомстволардың нормативтік-әдістемелік, статистикалық, әдістемелік материалдарына, сондай-ақ ағылшын тілінде сөйлеуді қалыптастыруға бағытталған функционалдық сипаттағы тапсырмалардың нақты жүйесіне негізделген жаһандық аспектіде отандық білім беру бағдарламаларының құзыреттілігін дамыту мақсатында 10-11 сыныптар үшін оқу-әдістемелік кешен әзірлеу:

Жоғары әдістемелік ақпараттылығымен ерекшеленетін және IELTS міндеттерін құрылымдау қағидаттарына негізделген ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың элементтерін қамтитын аудио, бейне, иллюстрациялық, ауызекі және жазбаша жаттығулары бар 10-11-сыныптарға арналған ағылшын тілінің оқу-әдістемелік кешендері әзірленді, бұл ретте зерттеудің сәтті аяқталуы үшін болжамдаудың жоғары дәлдігімен тәуекелдерді қоса алғанда, баламалы сыни сәттерге баса назар аударылды. 10-11 сыныптар үшін ағылшын тілінің оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу кезінде келесідей нормативтік-әдістемелік материалдар мен талаптар талданды: Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығының 99-қосымшасына сәйкес жалпы орта білім беру деңгейіндегі қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптар үшін "ағылшын тілі" оқу пәні бойынша қолданыстағы үлгілік білім беру бағдарламалары зерделенді, сондай-ақ білім беру саласындағы халықаралық стандарттар, шет тілдерін оқытушыларға арналған Кембридж анықтамалықтары және ағылшын тілін оқытудағы озық әлемдік тәсілдерді қамтитын Кембридж баспасының оқу-әдістемелік материалдары да талданды. Ұсынылып отырған білім беру кешені ұлттық және мәдениетаралық қарым-қатынас дағдылары, жаһандық ойлау және түсіну, сонымен қатар жаһандық мәселелерді сыни тұрғыдан талдау және шешу сияқты негізгі құзыреттерді анықтайды. Ағылшын тілін қолдануды дамыту бойынша оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының мақсаттарына сәйкес. Білім беру бағдарламасы 10-11-сынып күнтізбесіне сәйкес 4 тоқсанға негізделген тоғыз бөлімнен тұрады: 1-ші тоқсан: Байланыс орнату; Жануарлар әлемін зерттеңіз және олар туралы баяндаңыз: бит, бүркіт, аю және

дельфиндер; 2-ші тоқсан: Сұхбаттар мен нұсқаулар; Уақытты қадағалау құрылғыларын/ Ғылым видео бойынша зерттеу және есеп беру; 3-ші тоқсан: Кәсіп және өнертабыстар; Әлеуметтік өзгерістер мен одан әрі қарайғы зерттеу; Рахат алу үшін оқу; 4-ші тоқсан: Өтініш жасау және ақпаратпен қамтамасыз ету; Киім сапалары. Әрбір бөлім тақырыбына сәйкес тақырыптарға бөлінген. Әрбір тақырыпқа сәйкес оқу мақсаттары нақты көрсетілген. Жобалар арқылы оқыту, "flipped classroom" әдісі, технологияларды (виртуалды сыныптар, онлайн-ресурстар) пайдалану және интерактивті әдістемелер сияқты оқытудың жаңа әдістерінің интеграциялары енгізілді. Нақты жағдайларда ағылшын тілін қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар жүйесі құрылды, оған қарым-қатынас, аргумент, презентация және т. б. дағдыларды дамытуға арналған тапсырмалар кіріктірілді. Кешеннің спецификациясы мен құрылымы: Оқу-әдістемелік кешеннің құрылымы мен спецификациясы, оның ішінде сабақтар саны, тақырыптарды зерттеу тәртібі, графика және бағалау әдістері анықталды. Оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделу: оқушылардың оқу қажеттіліктері мен стильдерінің әртүрлілігі ескерілді. Оқытуды жекелендіру үшін қосымша ресурстар мен мүмкіндіктер ұсынылады. ОӘК әзірлеудің осы кезеңінде кері байланыс алу мақсатында оқушылардың шағын тобында кешенді тестілеу жүргізіледі. Нәтижесінде алынған мәліметтер негізінде түзетулер енгізіледі. Ағылшын тілі бойынша әзірленген ОӘК оқушылардың коммуникативтік дағдыларына баса назар аударады. Ол оқу, ауызша сөйлеу, жазу, тыңдау және тақырыпты талқылау сияқты әртүрлі әрекеттерді қамтиды. Оқу тапсырмалары: мәтінге қатысты сұрақтарға жауаптар, олар осы тақырып бойынша суретті түсінуді, сипаттауды пысықтайды. Қазақстандық және басқа елдердің әлемдік аналогиясын салыстыратын презентация дайындау, зерттеушілік және презентация дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сөйлеу әрекеті оқушыларды өз пікірлерін білдіруге және тақырыпқа байланысты пікірталасқа қатысуға ынталандырады. Бұл тапсырмалар сыни тұрғыдан ойлау мен нанымды сөйлеу дағдыларын да дамытады. "Writing" бөлімі грамматикалық материалдармен, атап айтқанда грамматикалық ережелерді қолдана отырып таныстырады. Тыңдау тапсырмасына бейнелерді қарау, аудио материалдарды тыңдау және мазмұнға негізделген сұрақтарға жауап беру кіреді. Тыңдауға арналған тапсырмалар: бейнеге негізделген сөйлемдердегі бос орындарды толтыру, бейнеге қатысты мәлімдемелердің дәлдігін анықтау қамтиды. Оқу-әдістемелік құрал пікірталастарды ынталандыруға, сыни ойлауды дамытуға және өз пікірін тиімді білдіруге бағытталған.

Зерттеу тобының мүшелері:

№	Аты-жөні	Scopus Author ID	Researcher ID	ORCID	Жобандағы қызметі
1	Мейрбеков Акылбек Кайратбекович	57202566554	ABC-6892-2021	0000-0002-9439-0614	жоба жетекшісі
2	Керимбаева Ботагоз Талгатовна	55599232100	A-7465-2016	0000-0002-0680-7126	аға ғылыми қызметкер
3	Қазыханқызы Лазура	57205339759	ААК-1866-2020	-	аға ғылыми қызметкер
4	Бураева Жанат Бауыржановна	57209854103	ABE-9592-2021	0000-0001-5288-0300	ғылыми қызметкер
5	Нышанова Салтанат Тыныбековна	55598494900	ABE-9579-2021	0000-0003-3455-0775	ғылыми қызметкер

6	Дадашов Дильмурат Темирбаевич	56644732100	ADL-2135-2022	0000-0002-6826- 8180	ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕР
7	Сейтова Меруерт Ергешхожаевна	57211288313	-	0000-0001-6189- 2805	ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕР
8	Мейірбеков Асылбек Қайратбекұлы	58154998700	-	0000-0003-4609- 1035	ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕР
9	Әбжекенова Бибінур Ғаниқызы	-	-	-	ассистент
10	Жантлеева Мадина Тулегеновна	-	-	-	магистрант

2022 жылғы күнтізбелік жоспарға сәйкес жарияланған жұмыстардың тізімі

1. Мейірбеков А. К., Абжекенова Б.Г. Using the “mind map” method in the development of students’ vocabulary in English // Қарағанды университетінің хабаршысы. "Педагогика" Сериясы. – 2022. № 3(107). – 122-127 ББ. DOI10.31489/2022Ped3/122-127 <https://pedagogy-vestnik.ksu.kz/apart/2022-107-3/15.pdf>

2023 жылғы күнтізбелік жоспарға сәйкес жарияланған жұмыстардың тізімі

- 1) М.Т. Жантлеева, Мейрбеков А.К., М.Е. Сейтова Ағылшын тілін оқытудағы гибридік тәсіл: Hybrid approach in teaching English // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(77), 2023 ж. – 180-188 ББ. <https://doi.org/10.51889/1728-5496.2023.1.76.019> <https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/2156>
- 2) Б.Г. Абжекенова, А.К. Мейрбеков EFL оқыту процесіндегі демотивацияның себептері және оны шешу жолдары (Reasons of demotivation and its solutions in a process of EFL teaching) // Торайғыров университетінің Хабаршысы, Педагогикалық сериясы, № 3 (2023). – 36-50 ББ. <https://doi.org/10.48081/JNFS7754> <https://vestnik-pedagogic.tou.edu.kz/storage/journals/361.pdf>
- 3) Meirbekov K. Narmetova D. 10-11 сыныптардағы ағылшын тіліндегі тесттің кері байланысының әсерін зерттеу. ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық серия, [S.l.], v. 76, n. 3, oct. 2023. ISSN 2520-2650. <https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/1785>
- 4) B.G. Abzhekenova, A.K. Meirbekov, E.T. Bekish, A.A. Kuralbayeva, E.A. Sardarova. Experimental evaluation of vocabulary development tools in the English class. Научный журнал «Вестник НАН РК». Том 405 № 5 (2023). DOI <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.573> <https://journals.nauka-nanrk.kz/bulletin-science/article/view/4810>